

*А. Ғ. Ахашов,  
азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының  
оқытушысы, полиция аға лейтенанты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жаңа мемлекеттік жүйенің құрылуының және калыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың ұйымдастырылған және аумақтық таралған жүйесін — қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқарудың жылдары болды. Елімізде экологиялық қауіпсіздікті және тұрақты экономикалық дамуымызды қамтамасыз ету мақсатымен, 2003 жылдың 3 желтоқсанында Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2004—2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік концепциясы жарияланды. Бұл концепция қабылдағаннан бастап көптеген елеулі өзгерістер болып жатыр. Қоршаған ортаны қорғау заңдылықтар негізі құрылды. Бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылды. Алайда, осы аталған әрекеттердің барлығы экологиялық-құқықтық қатынастар саласындағы сұрақтарды толығымен шешуге қауқары жетпей отыр.

Қазақстан Республикасының соттарында жыл сайын тиімді табиғат пайдаланудың және қоршаған ортаны қорғау ережелерінің бұзылуына байланысты көптеген қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер қаралады. Олардың санының өсуіне бірқатар факторлар себепші:

1. Әлеуметтік-экономикалық ахуалдың өзгеруі. Нарықтық экономикаға ауысу, еркін кәсіпкерлік қағидатын жариялау, табиғат ресурстарына (жерге) жеке меншіктің пайда болуы, экологиялық құқық бұзушылықтардың өсуіне әсер етпей қоймады.

2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заңнамалық базаның жетілдірілуі.

3. Жаңа табиғат қорғау құрылымдарын құру. Осылайша ҚР ІІМ жүйесінде табиғат қорғау бөлімшелері және ветеринарлық полиция сияқты мамандандырылған бөлімшелер, прокуратура жүйесінде мамандандырылған табиғат қорғау бөлімшелері құрылған.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 2014 жылы ел соттарында экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша 2773 әкімшілік, 396 азаматтық және 317 қылмыстық іс қарастырылса, солардың 5-еуі — уытты және қауіпті өнімдер мен қалдықтарды заңсыз тасымалдау мен көму бойынша қаралды<sup>i</sup>. Көріп тұрғанымыздай мамандандырылған құқық қорғау органдарының үдерісі айқын.

Мамандану сот жүйесін де айналып кете алмайды. Бұл аса қажет және көңіл аударарлық мәселе. Соттарда экологиялық құқық пен шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы облысындағы мүмкіндіктері мен білімнің жоқтығы тағы бір мәселені құрайды. Кейбір халықаралық ұйымдар сот билігінің өкілдері үшін, сонымен қатар мемлекеттік әкімшіліктің өкілдері үшін де мамандандырылған тренингтер өткізіп отырады. Кейде соттар сонымен қатар экологиялық құқықтың кейбір сұрақтары талқыланатын тұрақты, бірақ жиі емес, міндетті тренингтер өткізеді. Мысалы, 2014 жылы 28 қарашада Қарағандыда Жоғарғы Сот және Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығымен бірлесе отырып, Орхусс конвенциясы мен Қазақстан Республикасының ұлттық экологиялық заңнамасы ережелерін қолдану тақырыбында судьяларға арналған аймақтық тренингі болып өтті. Қарағанды облыстық сотының төрағасы М. Әлімбеков өз сөзінде «Экологиялық проблемалар жайлы ақпараттандыруды жақсартуға ықпал ететін, өз алаңдатушылықтарын білдіруге мүмкіншілік беретін және сот жүйесіне экологиялық заңнаманы дұрыс қолдануын қамтамасыз ететін осындай тренингтердің маңызы өте зор деп есептеймін», — деп атап өтті<sup>ii</sup>. Бірақ экологиялық құқық пен шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуының күрделілігін назарға алсақ бұл шаралардың бәрі сөзсіз жеткіліксіз. Сот әділдігіне тиімді қолжетімділік үшін маңызды шарттары болып соттар мен прокурорлардың жетілдірілген дайындығы мен олармен жасалатын жұмыстың көлемінің азаюы есептеледі.

Ғылыми зерттеулерде мамандандырылған экологиялық соттарды құруды Қазақстан ғалымдары да ұсынуда. М. А. Аленовтың айтуынша, «мамандандырылған экологиялық соттардың қызмет істеуі жете талдап қорытуға және ҚР Жоғарғы Сотының экологиялық құқықтық нормативтік базаның маңызды элементі болып табылатын нормативтік қаулыларды дайындауға, жүйелендірілген ақпарат алуға мүмкіндік береді»<sup>iii</sup>.

Ал Е. А. Дюсеновтың пікірі бойынша «мамандандырылған экологиялық соттар бақылау жүргізуші құрылымдармен, экологиялық полициямен, табиғат қорғау прокуратурасымен бірлесе отырып экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауаптылық белгілеуде сапалы және үлкен жұмыстарды жасауға жағдай туғызады. Мамандандырылған экологиялық соттарды енгізу қарқынды дамып келе жатқан экологиялық заңнаманың құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге жағдай жасайды. Экологиялық құқықтарды қорғаудағы құқықтық кепілдіктердің, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік шаралары арқылы азаматтар мен мемлекеттің мүдделерінің дамуына ықпал етеді»<sup>iv</sup>.

Біздің пікірімізше, қазіргі кезеңде мамандандырылған экологиялық соттарды құру үшін нақты қажеттілік бар. Заңнамалық база осы үшін арналған. Осылайша, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңының 3-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасында мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар құрылуы мүмкін. Құрылған экологиялық соттар Қазақстан Республикасының Конституциясынан туындайтын талаптардың сипаттамасына міндетті түрде сәйкес келуі қажет.

Сот тәжірибесін саралау — оның ерекшеліктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Көптеген экологиялық істер бойынша даулар әдетте табиғат қорғау прокурорларымен, ал сирек жағдайларда жұртшылық тарапынан қойылады. Қоғамдық бірлестіктер тарапынан даулар тек Астана, Алматы және Қарағанды қаласының соттарында ғана орын алған.

Сот тәжірибесінің талдауы соттардың барлық істер бойынша, оның ішінде экологиялық істерге қатысты тиянақты дайындық жүргізбейтінін көрсетеді. Азаматтық істерді сотта қарауға Азаматтық процессуалдық кодекстің 16-тарауына сәйкес әзірлеу барлық категориядағы азаматтық істерге міндетті болып табылады. Процесстің бұл кезеңінде сот істің мән-жайын есепке ала отырып, талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алады, одан жауапкердің тарапынан мүмкін болатын қарсылықтарды анықтап алады, егер бұл қажет болса, қосымша дәлелдемелер беруді ұсынады, талап қоюшыға оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, іске тең талап қоюшылардың, тең жауапкерлердің дербес талаптарсыз үшінші тұлғалардың кіруі туралы мәселені шешеді, сондай-ақ тиісті емес жауапкерді ауыстыру туралы мәселені шешеді, өзге де қажетті іс жүргізу әрекеттерін жасайды<sup>v</sup>.

Сот қызметінің кемшілігі ретінде тәжірибе жүзінде сотта істің қаралуының ашықтығын, айқындығын және сот рәсімдерінің қолжетімділігін, яғни сот шешімін көпшілік алдында хабарлау, істің басқа да қатысушыларынан келіп түскен шағымдармен тараптардың танысуын, заңды күшіне енген сот шешімдерінің қорына қолжетімділікті, сот актілерін жүзеге асыруға қатысты ақпаратты алу мүмкіндігін білдіретін жариялылық қағидасының жеткіліксіз түрде жүзеге асырылуы екендігін атап өткен жөн. Аталған жағдайлар Конституцияның 4-бабына сәйкес әрекеттегі құқық құрамына кіретін және жалпыға міндетті болып табылатын Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 28 қазандағы №5 нормативтік қаулысында бекітілген. Мысалы, 2014 жылдың 2 сәуірінде Алматы қаласының азаматтары Алматы қаласының Медеу аудандық сотына Іле-Алатау ұлттық паркінің жерлері бөлігін «Көкжайлау» тау-шаңғы курортын салу үшін бөлу туралы сұрақ бойынша қоғамдық тыңдауларды заңсыз деп мойындау туралы талап арызбен жүгінді. 7 сәуірде төреші «ол қаралып және шешіле алмайды, себебі талап қоюшылар шағымданып отырған қоғамдық тыңдаулар мен хаттама ешқандай заңдық салдар туғызбайды» деп көрсете отырып, өтінішті қабылдаудан бас тартты. Төреші Орхусс Конвенцияның бірінші бабы ережесін ескермеді, онда көрсетілгендей, әрбір тарап ақпаратқа қатынау, қоғамның шешім қабылдау үрдісіне қатысу және әділ сотқа қатынау құқығына кепілдік береді. Анықтап кетсек, Орхусс конвенциясы — «Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне, ақпаратқа

қол жеткізу туралы» БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының конвенциясы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабындағы 3-тармаққа сәйкес ратификацияланған халықаралық келісім болып табылатын Орхусс Конвенциясы Қазақстан Республикасының заңдары алдында басымдылыққа ие және оның ережелері және нормалары тікелей қолданылады.

Орхусс Конвенциясы қабылданбастан бұрын да Қазақстан жұртшылығы Жоғарғы Соттың веб-сайтында сот шешімдеріне қол жеткізе алатын. Сот шешімдерінің электрондық мұрағатын толықтыру үшін барлық соттарда жағдайлар жасалған. Алайда барлық соттардың жаңа электрондық технологияларды қолдана бермейтінін мойындаған жөн. Жергілікті соттардың кеңселерін Жоғарғы Соттың веб-сайтына сот актілерін бағыттары бойынша жүктеуді заңды түрде міндеттері ретінде бекіту қажет. Осы арқылы сот процессінің ашықтық және айқындық, сот рәсімдерінің қолжетімділігі сияқты сот әділдігінің маңызды құрамдастары қамтамасыз етіледі. Осы саладағы сот қызметі екі негізгі фактор болған кезде ғана жеткілікті түрде тиімді болады: «1) іс жүзінде экологиялық заңнаманың ережелерін жүзеге асыруға қабілетті тиімді мемлекеттік табиғат қорғаушы құрылымдар, белсенді экологиялық бірлестіктер мен азаматтардың болуы; 2) мемлекеттің экологиялық саясатын жүзеге асыруда құрамында жоғарыда аталған екеуі бар өзіндік дербестікке талаптанатын сот»<sup>iii</sup>.

Жүргізілген зерттеулердің негізінде біз экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жетілдіруге жағдай жасайтын келесі шаралар қатарын ұсынып отырмыз:

- мамандандырылған экологиялық соттарды құру;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары бойынша соттарды мамандандыру (арнайы тренингтер, біліктілікті арттыру факультетінің аясында жаттықтыратын семинарларды жиірек өткізу, үлгілі соттарда тағылымдамадан өту);
- экологиялық істердің азаматтық сот өндірісінде қарау күрделілігін ескере отырып, оларға қарапайым істермен салыстырғанда мерзімі ұзағырақ арнайы талап қою мерзімдерін белгілеген жөн;
- азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің анықталмаған тұлғалар шеңберіне қатысты сотқа жүгіну құқығын қосу арқылы экологиялық-құқықтық мәртебесін күшейту қажет;
- қоғамдық бірлестіктердің қызметін жандандыру үшін сотпен экологиялық мүдделерді қорғаушы қоғамдық бірлестіктер талабын сот қанағаттандырған жағдайда, жауапкерден өндірілетін жиынтық соманың он пайызын қоғамдық бірлестіктің есептесу шотына аударуды заңнамалық деңгейде ереже ретінде.

Заңнамаға көрсетілген өзгертулер мен толықтырулар жөніндегі ұсыныстар қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет атқарып жүрген азаматтарға, қоғамдық және басқа да коммерциялық емес ұйымдарға сот қорғауын тиімдірек қолдануға жағдай туғызады.

---

i <http://www.inform.kz>

ii <http://sud.gov.kz>

iii Аленов М. А. Проблемы применения экологического законодательства в практике судов Республики Казахстан. — Алматы, 2004.

iv Дюсенов Е. А. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. — Алматы, 2010.

v Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 411 Заңы // <http://www.adilet.zan.kz>